

А. Алдаш^{1*}, Ә. Сейдама¹, Г.Т. Мухамеджанова²

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

²М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан

*e-mail: aimank51@mail.ru

АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚТЫҢ ЛИНГВОСТИЛИСТИКАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ: ҚАЗАҚ СӨЗІНІҢ СТИЛЬДІК ТЕЗГЕ ТҮСУІ

Мақалада қазақ тіл білімінің аса көрнекті өкілі, академик Рәбиға Сыздықтың көркем мәтін стилистикасын зерттеудегі ғылыми тұжырымдары мен әдіснамалық ұстанымдары талданады. Автор зерттеу нысаны ретінде академиктің стилистикалық бірліктерді – стильдік тезге түсу (стилизация), фольклоризация, сөз таңдауы, сөз құбылту, сөз үйлестіру, автор образы тәрізді негізгі категорияларды қазақ көркем тіліне бейімдей отырып жасаған теориялық негіздерін қарастырады. Ғалым еңбектерінде қазақ әдеби тілінің тарихы мен қазіргі даму заңдылықтарын, ұлттық мәдениетпен сабақтастығын айқындауда лингвостилистика ғылымының дербес саласы ретінде орнығуына баса назар аударылған. Мақалада Абай, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Кекілбаев сияқты қаламгерлер шығармаларының тілі мен стилін лингвистикалық аспектіде талдау арқылы көркемсөз табиғатын танудағы Р. Сыздықтың өзіндік әдіснамасы баяндалады. Сонымен қатар қазіргі қазақ прозасындағы тілдік-стильдік үрдістер, жас жазушылардың көркем тілді игеру деңгейі мен сөзқолданыстағы стилистикалық жаңашылдықтары зерделенеді. Автор лингвистикалық, лингвомәдени, когнитивтік және прагматикалық аспектілерді ұштастыра отырып, көркем мәтіндегі бейнелі сөзқолданыстың, қайталамалар мен фразеологиялық трансформациялардың эстетикалық қызметін жан-жақты сипаттайды. Зерттеу барысында ұсынылған теориялық-тәжірибелік тұжырымдар ұлттық көркем тіл нормаларын жаңғыртуға, қазақ әдеби тілінің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтуге және тілдің көркемдік әлеуетін терең танытуға мүмкіндік береді. Мақала нәтижелері қазақ лингвостилистикасының әрі қарай дамуына негіз бола алады.

Түйін сөздер: Рәбиға Сыздық, қазақ лингвостилистикасы, стилизация, фольклоризация, сөз таңдау, автор образы, көркемсөз, стильдік талдау, эстетикалық қызмет, көркем тіл нормалары.

A. Aldash^{1*}, A. Seidamat¹, G. Mukhamejanova²

¹A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

²M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavl, Kazakhstan

*e-mail: aimank51@mail.ru

Linguostylistic Concept of Academician Rabiga Syzdyk: Stylization of the Kazakh Word

The article is devoted to the scientific analysis of the conceptual ideas of Academician Rabiga Syzdyk, who made a significant contribution to the formation and development of Kazakh linguostylistics as an independent discipline. Particular attention is paid to the scholar's theoretical positions related to such concepts as stylistic processing (stylization), folklorization, word selection and transformation, language harmony, and the author's image. Based on an in-depth linguistic analysis of literary texts – particularly the works of M. Auezov, G. Musrepov, and A. Kekilbayev – the methodology proposed by R. Syzdyk for the interpretation of the linguistic fabric of Kazakh prose is demonstrated. A separate section is devoted to contemporary trends in Kazakh literature, including the analysis of linguistic and stylistic features in the works of young authors. The article examines stylistic devices such as repetition, contextual synonyms, periphrasis, and phraseological transformations, which emphasize the richness of the expressive means of the Kazakh language. The study combines linguistic, cultural, and cognitive approaches, revealing the aesthetic and pragmatic functions of artistic language. The presented theoretical and practical observations contribute to expanding the understanding of the structure of the Kazakh literary language, its expressive potential, and stylistic possibilities. Furthermore, the scientific legacy of Academician R. Syzdyk is considered as a methodological foundation for further research in the field of linguostylistics and the culture of Kazakh speech in general.

Key words: Rabiga Syzdyk, linguostylistics, stylization, folklorization, speech culture, author's style, language aesthetics, artistic word, Kazakh prose, analysis methodology.

А. Алдаш^{1*}, А. Сейдамет¹, Г.Т. Мухамеджанова²

¹ Институт языкознания имени А. Байтұрсынулы, Алматы, Казахстан

² Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

*e-mail: aimank51@mail.ru

Лингвостилистическая концепция академика Рабиги Сыздық: стилистика казахского слова

Статья посвящена научному анализу концептуальных идей академика Рабиги Сыздық, внесшей значительный вклад в становление и развитие казахской лингвостилистики как самостоятельного направления. Особое внимание уделяется теоретическим положениям ученого, связанным с такими понятиями, как стилистическая обработка (стилистика), фольклоризация, выбор и трансформация слова, языковая гармония, а также образ автора. На основе глубокого лингвистического анализа художественных текстов – особенно произведений М. Ауэзова, Г. Мусрепова, Ә. Кеңімбаева – демонстрируется методология, предложенная Р. Сыздық для интерпретации языковой ткани казахской прозы. Отдельный раздел посвящен современным тенденциям в казахской литературе, включая анализ языково-стилистических особенностей произведений молодых авторов. В статье исследуются стилистические приемы, такие как повтор, контекстуальные синонимы, перифразы и фразеологические трансформации, подчеркивающие богатство выразительных средств казахского языка. Работа сочетает лингвистический, культурологический и когнитивный подходы, раскрывая эстетическую и прагматическую функцию художественного слова. Представленные теоретико-практические наблюдения способствуют расширению представлений о структуре казахского литературного языка, его выразительном потенциале и стилистических возможностях. Кроме того, научное наследие академика Р. Сыздық рассматривается как методологическая опора для дальнейших исследований в области лингвостилистики и культуры казахской речи в целом.

Ключевые слова: Рабига Сыздық, лингвостилистика, стилистика, фольклоризация, культура речи, авторский стиль, эстетика языка, художественное слово, казахская проза, методология анализа.

Кіріспе

Сөз қадірі. Ұстаздың қазақ сөзін қастерлеуге арнаған, сонау сексенінші жылдардың басында жарық көрген алғашқы шағын мақаласы осылай аталады. Бұдан кейінгі жылдарда академик Рәбиға Сыздық 40-тан астам көркем шығарманы – қазақ ақын-жырауларының поэзиясымен қатар («Манас» эпосын да талдаған), Абай, Дулат, Махамбет, Жамбыл, Шәкәрім, Қасым, Сұлтанмахмұт, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, А. Сүлейменов, О. Бөкеев, С. Бердіқұлов, Ғ. Оңғарсынова, К. Сегізбаев сынды рухани мәдениетті биіктеткен, қазақ сөзінің әлеуеті мен құдіретін әлемге паш еткен ақындар мен жазушылардың тілін мұқият зерттеді, Ә. Кекілбаев, Ә. Нұрпейісов, М. Мағауин сынды сөз толғамы өзгеше классиктердің тілі мен стилін де тілдің белгілі бір кезеңдегі сипаты, әдеби норма мәселелеріне қатысты тұжырымдарына арқау етті. Әр шығармадағы ұлттық тіл байлығы мен өзіндік шеберлікті салыстыра отырып, сынау емес, бағалау, таныту, бүгінгі және келешек ұрпаққа насихаттау мақсатында талдады. Осы бағыттағы әр еңбегінде ғалым қазақ сөзінің өрнегі жайында өз қаламынан өрілген елуге жуық зерттеулерінде *сөз өрімі*, *сөз*

құдіреті, *сөз зергері*, *көрікті сөздің қоймасы*, *сөз көркемдігі*, *сөз сазы*, *тіл ажары*, *тіл өрнегі*, *көркем тіл*, *көркемсөз*, *тілді икемдеу*, *сәйкестік*, *сөз өрнегі*, *сөз кестесі*, *сөз таңдау*, *сөз құбылту*, *сөз үйлестіру*, *сөз үндестіру* тәрізді сан алуан атауларды қолданған. Бірінен бірін тарата отырып, Ұстаз өз еңбектеріндегі осы атаулардың шын мәнінде қазақ сөзінің қадірін, тілге деген құрметті, өзара тығыз байланыстағы қазақ тілінің стилистикасы мен қазақ сөз мәдениеті салаларының негізгі нысаналары мен ұғым-түсініктерін, әдіснамалық негіздерін нақтылап, анықтап берді.

Ғалым еңбектерінде *сөз өнері* – барлық талдау мен тұжырымның тірегі. *Сөз өнері* термині Ахмет Байтұрсынұлының еңбегінен басталатыны мәлім. Ұлт ұстазының мұраларында *сөз өнері*, *ақын тілі*, *әншейін тіл*, *лебіз өрнегі*, *көрнекі лебіз*, *жалаң лебіз*, *тіл қисыны*, *сөз талғау*, *сөз дұрыстығы*, *тіл тазалығы*, *тіл дәлдігі*, *тіл қисыны*, сонымен қатар *шығарманың тілінің ғылымы*, *шығарманың түрінің ғылымы* деп келетіндер (Байтұрсынұлы, 1991: 344) – тезистер тәрізді, дегенмен, тұтастай алғанда, кейінгі кезеңдерде зерттеу нысанасына айналған стилистика мен тіл мәдениеті салаларының негізгі

ұғым-түсініктері. да Шеттілдік терминді (стиль, стилистика дегенді) қолданбағанымен, Ұлт Ұстазы сөзіндегі осы аталғандар өзара тоғысатын қазіргі стилистика және сөз мәдениеті деп аталатын күрделі ғылым салаларының негізгі арқауы, нысаналары болып табылады.

Ұлт ұстазы мен академик Рәбиға Сыздықтың осы мәселелер турасындағы көзқарастары ғажап үндеседі. Біріншіден, қос біртуар тұлға қазақ сөзінің күдіретін танытуға күш салды. Екіншіден, Ұлт ұстазының «асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым» (Байтұрсынұлы, 1991: 348-349) деген пікірін академик Р. Сыздық жалғастыра отырып, «көркем дүниенің әсемдігінің бір сыры тілінде жатқандығын көрсету қажет» деген үндесіммен, осыларды айту «міндетіміз ғана емес, ұлттық мәдениетімізге қызмет етудегі парызымыз» деп түйіндеген (2009: 81).

Материалдар мен әдістер

Соңғы жылдары қазақ тіл білімінде тілдің тұжырымдамалық негіздеріне жаңа көзқарас қалыптасты (Aldash, 2025). Академик Р. Сыздықтың стильдік тезге түсу (стилизация) жөніндегі тұжырымына зер салсақ, «... бүгінгі қазақ көркем прозасында әр алуан тіл элементтерінің стильдік тезге түсу (стилизация) процесі етек алу бағыты көзге түседі. *Стильдік тезге түсу дегеніміз – шығарманың тақырыбына, жанрына, эстетикалық мақсатына және «автор образы» дегенге, яғни автордың айтпақ идеясына, көзқарасына, позициясына тілінің үндес келуі. Мысалы, тарихи шығарма авторы жеке атауларды таңдауда болсын, кейіпкерлерді сөйлетуде болсын т.т. суреттеп отырған дәуір шындығына мейлінше жақын, сәйкес келуді көздесе, ол – тарихи стилизация болмақ»* (2009а: 48).

Біріншіден, бұл проблема қазақ тілтанымының стилистика саласында қарастырылмаған. Әлбетте, бұндай жағдайда әлемдік лингвистикадағы іргелі зерттеулерге үңілеміз. Бұл, бір жағынан, ғылыми этика, екіншіден, тың түсінікті анықтап алу, танып-білу мақсаты бар. Ал әлемдік тілтанымда стилизация мәселесі екі тұрғыдан айтылады: а) стилизация дегеніміз – белгілі бір жазушының баяндау стилін пайдалану, игеру; ә) ауызекі сөйлеу тілінің көркем шығармада қолданылуы. Алайда бұл жөнінде тереңдеп барған зерттеулер аз.

Стилизацияны талдаған бір ғана еңбекті атауға болады (Гривенная, 2005). Бұл еңбекте

ауызекі сөйлеу тілі ерекшеліктерінің проза жанрында стиль тезіне түсуі лингвостилистикалық талдауды талап ететіндігі көрсетілген.

Расында да, көркем туындының эстетикалық функцияны күшейтуде ауызекі сөйлеу тіліне тән лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктердің қуаты күшті. Олар жазушының өз баяндауында да, әрине, кейіпкер сөзінде де қолданылады, ауызекі сөйлеу тілінің ұлттық-мәдени, образды сипатын танытады. Нақты айтқанда, мақсатты (функционалдық) стильдің бір тармағы – сөйлеу стилінің (академик М. Балақаев қолданған термин – А.А.) шығарма тіліндегі көрінісі көркем туындыдағы стильдік тезге түсу болып саналады. Тағы да бір атап өтуге болатын жайт – сөйлеу стиліне тән тілдік бірліктердің көркем әдебиет стиліне ауысуы, енуі жалпы көркемсөздің бір белгісі. Осы себепті бұны стилизацияның қарапайым жағы, дәлелденген типі деп те есептеуге болады.

Академик Р. Сыздық стилизация ұғымын кең тұрғыдан анықтайды. Нақты айтқанда, ғалымның көзқарасы бойынша стиль тезіне түсу – тақырыпатты таңдағанда (біздің қосарымыз – кейіпкер есімдерінде), белгілі бір кезеңдегі актуалды лексиканы іріктегенде, тіл қорындағы диалектизмдер мен көнерген сөздерді өз баяндауы мен кейіпкерді уақыт кеңістігіндегі әлеуметтік контекстке бағындыра «сөйлеткенде» автордың дәуір шындығын, синхронды параметрді өлшем етіп ала отырып, тілдік бірліктерді таңдап, өзара үндестіріп, үйлестіріп, сөздерді мағыналық түрлендіріп пайдалануы стиль тезіне түсудің басты белгілерінің бір деуге болады. Айталық, Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» шығармасында *әмірші, ханым, сарбаз, қолбасы, жорық, қылыш, найза, тәж, құл, күң, уәзір, нөкер, әскербасы, жебе, күйме, керуен, шатыр, шаһар, найзагер, сейіт, машырықтың алтыны* (Ә.Кекілбаев. Аңыздың ақыры) тәрізді сөздер кездеседі. Бұның мәнісі – шығарманың тарихи бір кезеңді суреттеуіне байланысты автордың сөз таңдауы, тарихи лексиканың стиль тезіне араласуы.

Берілген сөздердің бір алуаны қазіргі әдеби тіл қолданысынан түскен жоқ, ал *сейіт, машырық* дегендер, сөз жоқ, көне сөздер. Олардың шығарма мазмұнына сәйкес түсетін мағынасы тек мәнмәтінді тұтас алғанда ашылады. Мәнмәтіндер *машырық* дегеннің *күншығыс* мағынасында екендігін байқатады, ал осы шығармадағы «Бұны әлденеге аян берген нышан ба деп, қасына сейіттерінің бірін шақырып алып сұрағысы келді» деген сөйлемдегі *сейіт* сөзінің әрі-

ден келе жатқан «мұсылман дінінің қызметкері, тұқымы ақсүйек, әкім бастық» тәрізді бірнеше мағынасын аңғаруға болады. Ұстаз бұл қолданыстарды күп көреді, өйткені алдымен, жоғарыда айтқанымыздай, бірді-екілі сәттерде болса да қазіргі оқырманның алдынан шығып, сөз қазынасынан хабардар еткенін жоғары бағалайды.

Қазірге қарай ойысасак, мәселен, заманауи жас жазушылардың бірқатарының шығармаларының тақырыпаттары «Стресс», «Алжасқан ғасыр», «Лотерея», «Дұңгіршек», «Z. №15 планета» түрінде болып келеді, кейіпкер есімдері де *Торғауыт*, *Дойман*, *Сынық*, *Бұлди*, *Жарым сияқты* тосын; автордың өз баяндауында, кейіпкер сөзінде кірме сөздер (бейімделгендері де, транслитерацияланғандары да) молынан кездеседі. бұлар – бүгінгі дәуір шындығын суреттеу үшін тандалғандар, әрі жазушының танымына барып тоғысады. Осы фактілер стиль тезіне түсу үлгілері болып табылады.

Академик Р. Сыздықтың стилизация турасындағы тезис түрінде ұсынған тың көзқарасының бірі – проза жанрындағы *фольклоризация* туралы тұжырымы, бұны лингвостилистикалық аспектіде талдаудың қажеттілігі туралы тоқтамға келуі.

Ұстаздың осы тезисін жалғастыруға, батылдықпен толықтыруға ұмтылысымыз бар.

Әдетте, ауыз әдебиетіндегі, ақын-жыраулардың туындыларындағы төгіліп түсетін образды тіркестер мен мақал-мәтелдерді, өзгеше өрілген сөз қисындарын, сөз әуезділігін фольклор үлгілері деп дағдылы түрде танымыз. Академик Р. Сыздықтың «фольклоризация» дегені – осындай қабаттардың кейінгі туындыларды қолданылуын ұлттық көркем тіл нормаларының сақталуының негізі деп бағалауы. Сөз жоқ, бүгінгі көркем әдебиет жанрларында фольклорлану үлгілері молынан жұмсалса, бұл – қазақ сөзінің табиғи болмысын, өміршеңдігін сақтау үшін маңызды параметрлердің бірі. Классик жазушылардың шығармаларын лингвостилистикалық аспектіде талдау барысында Ұстаз фольклоризацияның бірнеше үлгілерін атап өтеді. Осы үлгілерді бір жүйеде қарастырсақ, ғалым еңбектеріндегі лингвостилистикалық талдау әдіснамасының төмендегідей парадигмасы анықталады, олар:

- дыбыстар үндесімі;
- мәнмәтін көлеміндегі сөздерді үндестіру;
- қайталамалар;
- синоним қатарларды үстемелеп қолдану арқылы образ жасау;
- сөз-символдардың үлгілері.

Әдебиеттерге шолу

Академик Р. Сыздық 1990-ыншы жылдардың өзінде «Қазақ тіл білімінің алдында лингвостилистика деген үлкен саланы ашу қажеттігі тұр... бүгінгі қазақ көркем әдебиетінің халықтың рухани-эстетикалық қажетін толығынан өтеп, ұлттық ұйымдастырушылық қызметін атқарып отырғаны, сондықтан оның тілін арнайы зерттеу – бүгінгі мәдени дүниеміздің мүддесі» (2009: 49) деп жазған еді. Осы ойын Ұстаз үзбей жалғастырды, кейінгі еңбектерінде ұдайы еске салып отырды. Осы салаға қатысты құнды, әрі іргелі зерттеуі – 2014 жылы жарық көрген «Абайдың сөз өрнегі» деп аталатын еңбегінде ғалым Абай тілін таныту мақсатында сөз қозғай отырып, «... сөз өрнегін тіл білімі тұрғысынан тану, яғни ғылымның «лингвистикалық стилистика» деп аталатын саласы бойынша талдау деп білеміз. Бұл сипаттағы ізденістер енді-енді басталып отыр. Осы кітап сол бастамалардың бірі болмақ» (Сыздық 2009: 4) дегеніне қарағанда, сірә, осы кезең аралығында тіл тағдыры мен өміршеңдігін танып-тану үшін маңызды, күрделі саланың негізгі әдіснамаларының қазақ тілтанымында нақтылана қоймағанын байқаймыз.

Әрине, қазақ тілінің стилистикасына қатысты еңбектер бар. Дегенмен, біздің байқауымызша, мәселенің бірнеше түрткіжайттары бар.

Біріншіден, Ұстаздың өзі жалпы қазақ әдеби тілі функционалдық стильдерінің тарамдалуында орыс тілі білімінде қалыптасқан жүйелеудің тірек етілгенін атап өтеді және неге осылайша болғанын түсіндіреді (Сыздық, 2001: 73). Қазақ тілінің стилистикасы жөніндегі алғашқы еңбекте (Балақаев, 1974) әр стильдік тармақтың құрылымы мен мазмұнының сараланып көрсетілуінің бір себебі осыған байланысты.

Екіншіден, әлемдік ғылымда стилистика саласының өзі үш тармаққа таратылатыны белгілі. Олар: тіл стилистикасы, сөз стилистикасы және көркем әдебиет стилистикасы. Тіл стилистикасы ұғымы тіл жүйесіндегі мәтіннен тыс тұрғанда стильдік белгілері (образдылығы, эмотивтілігі, экспрессиялығы) айқын танылатын тілдік бірліктерді, негізінен лингвомәдени семантикаға ие сөз тіркестерін қамтиды. Сөз стилистикасы термині тілдік құралдардың белгілі бір жағдаятқа қарай қолданысқа түскен кезіндегі мағыналық эффект тудыруына байланысты аталады. Бұл тілдің лексикалық-грамматикалық құрылымының функционалдық стильдерге қарай топтасуын анықтайды.

Әлемдік лингвистикада стилистикаға қатысты зерттеулер мол екендігі мәлім. Еңбектерде лингвостилистика саласының маңыздылығы аталады, дегенмен кейінгі зерттеулердің біріне сүйенсек, сан салалы іргелі зерттеулердің өзінде дәл осы лингвостилистиканың негізгі түйіні шешіле қоймағанын байқаймыз. Мәселен, орыс тіл білімінің зерттеушісі В. Одинцовтың пікіріне қарағанда, жалпы стилистика жайы қаншама таратылғанымен, лингвостилистика жөніндегі мәселе тасада қалып жүр (1980: 5).

Лингвостилистика тілді қай жағынан зерттейді деген де сауал пайда болады. Бұл сала, сөз жоқ, көркемсөзді, яғни көркем шығарманы талдауға бағытталған. Бұл ретте академик Рәбиға Сыздықтың тұжырымы айқын. Ғалымның «лингвостилистика ұлттық көркем тіл мәдениеті дамуының негіздерін көрсететін ғылым саласы болады. Стилистиканың лингвистикалық міндеті стильдік әсердің өзін емес, сол әсерді туғызатын тілдік механизмді зерттеу болып табылады» (Сыздық, 1990: 43) деген сөзі – шын мәнінде лингвостилистиканың нысанасын анықтап берген ғылыми жаңалық.

Осындай қорытындыға бару үшін Ұстаз өзінің алғашқы еңбектерінде әлемдік лингвистикадағы дәстүр негізінде алдымен жалпыхалықтық тіл қорындағы тілдік бірліктердің көркем әдебиет тіліндегі қолданысына назар аударған. Көркем туындылардағы жергілікті тіл ерекшеліктерінің, көнерген сөздердің, бірқолданыстардың көрінісіне ғалым қазақ тілінің сөз байлығын сарқа пайдалану тұрғысынан қарайды, өйткені көркемсөзді талдаудағы ұстаздың басты мүддесінің бірі де – осы, тіл байлығын паш ету, жағымды бағалау арқылы насихаттау.

Әлемдік ғылымдағы дәстүр дегенді анықтай түсуге болады. Стилистика мәселесін негіздеген деп танылатын В. Виноградов «лингвостилистикалық талдауда шығарманың идеялық және эмоция туғызатын мазмұнын ашатын тілдік бірліктерді талдау керек; тілдік бірліктердің ерекшеліктері арқылы ғана туындыда баяндалатын оқиғаны, кейіпкердің іс-әрекетін түсінуге болады» (1980) деп түйіндесе, Н. Шанский ең алдымен көркем туындыдағы архаизмдерді, диалектизмдерді, арготизмдерді, кәсіби сөздерді, фонетика, морфология, синтаксис салаларындағы көнерген және бейнорма үлгілерді, индивидуалды-авторлық қолданыстарды талдау керек деп санайды (1989: 37). Сонымен қатар көптеген еңбектерде лингвостилистикалық бағытта тілдің көріктеу құралдарының – теңеу мен кейіптеудің,

метофора мен метонимияның, фразалық тіркестер мен паремияның, перифраздар мен оксюморон үлгілерінің қолданысын ғана қарастырылатынын атап өткен жөн.

Жоғарыда айтқанымыздай, академик Р. Сыздық көркем туындыларды зерделегенде, әуелі жергілікті тіл ерекшеліктері мен көнерген сөздердің қолданысын байқап көрді. Сөйтіп, ғалым көркем шығармада да, тіпті ғылыми немесе публицистикалық стильде де бұлайша талдаудың (формальды талдау тәрізді) шектеулі екендігіне көз жеткізді де, жазба нұсқадағы тілдік бірліктердің қалайша ұйымдасқанын анықтаудың маңызды екеніне қарай бет түзеді.

Академик Р. Сыздықтың қазақ лингвистикасындағы жаңалығы неде деген сауалдың туындауы да заңды. Осы төңіректе Ұстаздың құнды пікірлерін топтастырып көрелік.

Біріншіден, академик Р. Сыздық көркемсөз тілін лингвистикалық тұрғыдан талдаудың маңызды екендігін өзінің ғылым-ғұмырының қай кезеңінде де болмасын, ұлт тілін сақтап қалудың өзектілігімен байланыста қарады. Екіншіден, академик Р. Сыздықтың көздеген мұратының негізгісі – қазақ көркемсөз өрнегінің айрықша өзгеше статусын сақтау, насихаттау еді.

Нәтижелер мен талқылау

Сөз үндестіру. Сөз гармониясы. Қазақ сөзінің айрықша белгілерінің бірі – мәтін / мәнмәтін ішіндегі дыбыстар мен сөздердің үндесуі. Бұл сипат әсіресе көркемсөз нұсқаларында кеңінен игеріледі; дыбыстардың, сөздің буын-бөліктерінің үндесуі – қазақтың сонау ауызша дамыған әдеби тілінен бастап келе жатқан, тіл көркемділігін арттырудың дәстүрлі, эстетикалық қуатты арттыратын айшықты амал. Дыбыстар мен сөздердің үндесуі сөйленген сөздің де, хатқа түскен жазбаның да өн бойынан әуезділікті танытып, ұлттың образды ойлауының айрықша ерекшелігі, ұлт тілінің өзгеше бір қасиет-сапасы болып саналады.

«Әуезділік» терминінің алғашқы жұмсалымын А. Байтұрсынұлының еңбектерінен кездестіреміз. Ұлт Ұстазы сөйлеу әуезділігінің де, сөз әуезділігінің де жалпы шарттарын кеңінен түсіндірген. Сөздің «құлаққа жағымды болып естілуі; түрлі сөздердің үндері орайласып, ұнамды құралуынан болады. Олай құрастыру сөйлеушінің, яки жазушының шеберлігін талғайды» (Байтұрсынұлы, 1991: 371-373). Бұл – А. Байтұрсынұлы ұсынған шарттардың негізгісі және Ұлт Ұстазы-

ның тұжырымы академик Р. Сыздық ұстанатын бағытқа, тұтастай алғанда, сөзқолданысты, оның қатарында сөз үндестіруді жағымды бағалау ұстанымына сәйкес келеді.

Академик Р. Сыздық сөз үндестіруді бір-неше тармаққа бөлген: дыбыстар гармониясы немесе үн гармониясы, үн үйлесімінің бір түрі ретінде түбірлес сөздердің қолданысы, ішкі үй-қастар, анафора және эпифора үлгілері. Ғалым, әрине, бұлайша тармақтауды поэзия жанрының, Абай өлеңдерінің композициялық-поэтикалық құрылымынан шығарған.

Бірнеше үзінді келтірейік.

Тарлан тартып оңған соң,
Түгіне кір қонған соң,
Мінсіз, меңсіз, кіршіксіз,
Шаңқай болмай, қылаң ба?
Ту ұстап, тұлпар жаратпай,
Анадан тудым дегенмен,
Бастамаса ел, ұлан ба?
(Дулат Бабатайұлы).

Жеңіме жамау түскенін,
Жарлылық, сенен көремін
Жағама қолдың тигенін,
Жалғыздық, сенен көремін
(Ақтамберді жырау)

Асқар таудың сәні жоқ,
Төрт түліктің қонысы...
Көкмайса белі болмаса,
Өзен, судың сәні жоқ,
Жағасы малға толатын,
Аймақты елі болмаса...
Ақ ауылдың сәні жоқ,
Топталып жылқы үйездеп,
Тартқан жселі болмаса,
Би мен бектің сәні жоқ,
Елін қорғай алмаса...
(Дулат Бабатайұлы)

Арғымақ атта сын болмас,
Қиған қамыс құлақсыз.
Азаматта сын болмас,
Арты болса тұяқсыз.
Айдын көлде сын болмас,
Жағасы болса құрақсыз.
Асқар тауда сын болмас,
Бауыры болса бұлақсыз.
Ақ киікте сын болмас,
Арты болса лақсыз.
(Абыл Тілеуұлы)

Берілген үзінділерде шығарма иесінің философиялық, дидактикалық ой-толғамын, эмоциялы көңіл-күйін білдіретін, өлең жолдарының басындағы аллитерация (*жеңіме, жағама, жарлылық, жалғыздық*); ішкі ырғақтандыру (*сәні жоқ, сән болмас, болмаса, болмас*) және синонимдердің денотаттық мағынасының контекстуалды синонимдермен қатарласа қолданылуы (*мінсіз, меңсіз, кіршіксіз*); перифраз үлгісінде жасалған, ақын-жыраулар дәстүрлі түрде пайдаланатын символ сөздер мен тіркестер (*аймақты ел, ақ ауыл, арғымақ ат, ақ киік, көкмайса бел*) тәрізділерді – осындай фольклор тілінің көркемдік кестесін Ұстаз М. Әуезовтен бастап К. Сегізбаевқа дейінгі қаламгерлердің прозасын талдағанда, фольклорлық стратегияның сабақтастығын іздестіреді және мол материал табады. Сөйтіп, көркем прозаны дәуірлерге бөліп, синхронды өлшемге салғанның өзінде де стиль тезінің үлгілерінің молынан болуын қалайды.

Тағы да назар аударарлық түс – Ұстаз осындай «стильдік әшекейлерді» (Сыздық, 2014а: 41) ұлттық көркем тіл нормаларының міндетті бір белгісі деп санайды.

Осы үлгілердің қазақ фольклорындағы кең орын алатын қолданысы, жалпы стилистика аспектісінде қарағанда, әрине, көркемсөз жасаудың тәсілдерінің бірі, стильдік фигуралардың бір тобы. Дегенмен ауызша тараған әдебиеттегі, әсіресе ақын-жыраулардың поэзиясындағы жоғарыда парадигмаға топтастырылған атаулар – қазақ ұлтының философиялық, этикалық, дүниетанымдық деңгейін танытатын қазақ тілінің ұлттық табиғи болмысы, рухани құндылықтың эстетикалық өлшемі. Бұл – қай дәуірдегі болмасын, қаламгердің көркемсөз жасау стратегиясының негізі болуы тиіс. Академик Р. Сыздықтың стилизация ұғымының аясына фольклоризацияны енгізуінің себебі осында. Екінші себебі – осы үлгілердің бірқатарын ғалым өткен ғасырдың орта тұсындағы қазақ прозасындағы сабақтастықты көрген және бұның көркемсөз үшін қажеттілігін дәлелдеген.

Фольклорланудың тағы бір үлгісі – қайталамалар. Бұл құбылыстың стилистикалық табиғаты – әдеби тіл нормаларына (яғни уәжді / уәжсіз жұмсалымдар) қатыстыра қарау, лингвостилистикалық категория ретінде тану мәселелері ғалым О. Бүркітовтің еңбегінде жан-жақты зерделенген (2007). Қысқа қайырып айтқанда, өз тарапымыздан байқағанымыз – қазақ көркем әдебиетінде, әсіресе публицистикалық стильдің кей жанрларында ықпал ету функциясы үшін

қайталамалар кеңінен пайдаланылады. Екіншіден, ғылымда плеоназм деген термин бар, бұл аталымға қатысты стилистика мен сөз мәдениетінде «қажетті стильдік фигура» және «басы артық» құбылыс деген бір-біріне қарама-қарсы көзқарастар бар. Демек, лингвостилистикалық аспектіде осы тұрғыдан объективті саралауға тура келеді.

Дыбыстар үндесімі, сөз гармониясы және қайталамалар, – осы үшеуіне тән тән ортақ сипат бар. Әрине, алдымен эстетикалық қызметін атау керек. Бір ырғақ, ритмикалық үйлесімділік экспрессив бояуды арттыра түседі. Сонымен қатар суреттеуді күшейтеді.

Синхронды параметрлер арқылы қарастырылғанда, Ұстаздың лингвостилистикалық концепциясын қалыптастыруға тірек болған қаламгерлердің сөзқолданысы мен қазіргі (соңғы онжылдықтардағы) қазақ прозасындағы көркем-сөздің арасында қандай сипаттар бар екендігін де атап өтуге болады.

Мәселен, Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі *Садақ оғы көбінесе алыстан атылады да әлсіз тиеді, әлсіз жаралайды*» деген сөйлемдердегі контекстуалды синонимдердің (*мақтау, мақұлдау*) үстемеленуі, мәнмәтіндегі қайталамалар (*әлсіз тиеді, әлсіз жаралайды*) – стиль тезіне түсудің, оның ішінде фольклор үлгілерін пайдаланудың бір көрінісі. Сол сияқты К. Сегізбайұлының «Беласқанындағы» *«Қия алмайтын, қиналатын бір-ақ жерім бар. Туыспаған туысым, қиыспаған қиысым болды. Жалшым емес, жанашырым деп қарадым, малшым емес, малқорым деп санадым. Сенімімді серттей ғып орындайтын семсерімнің қос жүзі еді. Қиналам, соған ғана қиналамын, төре!»* деп келетіндерден де классик прозашылардың сөзқолданысында фольклор тілі сөз кестесінің синкреттелген үлгісін, яғни бір мәнмәтін бойындағы дыбыстар гармониясының (*жалшы және жанашыр; малшы және малқор*), сөздердің ішкі ырғаққа – ритмикаға құрылуының (*туыспаған туыс, қиыспаған қиыс*), қайталамалардың (*қиналатын, қиналам*) ұйымдасуын, мәтінұйымдастырушылық қызметін көреміз.

Қайталамалардың бір сипаты *авторлық рефрендерге* байланысты. Авторлық рефрендер – шығарманың сюжетіне өзек болған негізгі идеяны тілдік бірліктермен әбден қою бояулы образ жасау үшін қолданылатын тақырыптан бастап баяндаудың өн бойында жиі қайталанатын жеке лексема немесе сөз тіркесі. Мысалы, Ә. Кекілбаевтың «Шеткергі үй» деп аталатын әңгімесінде *жылмағай жып-жылмағай* сөз-

дері *жып-жылмағай жып-жылтыр әйнек, жып-жылмағай шыны, жып-жылмағай паркет, жылмағай қабырға, жылтырата боялған жылмағай қорапты сағат, бет-аузын жылмита бояған жылмағай келіншек, жылмағай стол, жылтырата боялған жылмағай емен қорапты сағат* секілді бір топ сөз орамдарын жасап, кейіпкердің өмір жолы мен психологиялық жайкүйін ашуға тірек болған.

Мәнмәтінде сөз қайталамасы бар және буындардың үндесуі бар. Бұл ретте көркем прозаның «поэтикалық сөз» деп аталатынының да тегін емес екендігіне осындай фактілер айғақ бола алады. Сонымен қатар *мета-* дегенді тұтас жүйенің бір элементі деп түсінген жағдайда ұсынылған көлемді мәтінді метапоэтика деп те бағалауға болады.

Қазіргі қаламгерлердің туындыларынан авторлық рефреннің тағы бір үлгісін көреміз.

...Бір күні ұйқысынан оянып, көзін ашқанда айналасы біртүрлі өзгеше көрінді. Әлгі «Қисық айналар корольдігі» деген ертегідегідей бөлмедегі заттар бір жағына қарай қисайып, майысып, бұралып, қысылып қалған.

...Қаниша операциядан өтіп, қаниша рет емдеп, лекерлеп, пайдаға асырып жүрген жалғыз көзі де дүниені қисық көрсе не болады? Қисайған дүние тым сұрықсыз екен.

...Қисық көзі шалып қалды. Бұл жерде баяғыда сатып алынған, қолдану мерзімі өтіп кеткен бояулар қолданылып жатқанын дүниені қисық көретін көзінің көріп қойғанына өзі таңғалған.

...Кепкен жемістерді де тәтті суға малып алыпты. Қисық көздің арқасы! Бұрын ондайды байқамайтын.

...Осы мағынасыздық ішінде жарылардай болып, осы қисық дүниеден зерікті. (Ж. Шамұратова. Қисық дүние).

Тегінде, осындай жұмсалымдарды Ұстаз айтқан синтетикалық әдіспен, яғни әдебиеттану аспектілермен ұштастыра отырып, талдау да лингвостилистикалық тұрғыдан бағалауға жол ашады деп ойлаймыз.

Қайталамалар мен авторлық рефрендерге орайлас келетін сөзқолданыстың бірі – синонимдердің үстемелете игерілуі. Ұстаздың М. Әуезовтің туындыларына арналған көзқарастарында және тағы бірқатар тұжырымдарында өзара мән-дес сөздердің айшық қызметін сөз өрнегінің бір көрінісі деп ерекше атайды.

Бірнеше ғана мысал көрсетелік.

Есеней алыстан көз тігіп келіп тоқтаған жерін мақтап-мақұлдауларын күткендей жолдастарына қарады (Ғ. Мүсірепов. Ұлпан). *Есе-*

ней қазір қаптап-қапталдап ...келе жатқан жылқының алдында... жотаның қырқасында ат үстінде тұр (Ғ. Мүсірепов. Ұлпан) және Мынау қимыл-қыбырсыз, сыбыс-сыбдырсыз кеңістікте мен де тоқтап қалармын (Ә. Кекілбаев. Аңыздың ақыры) ...ертегідегідей бөлмедегі заттар бір жағына қарай қисайып, майысып, бұралып, қысылып қалған (Ж. Шамұратова. Қисық дүние).

Ғ. Мүсіреповтегі мақтау, мақұлдау, қаптау қапталдау сөздерінің қатарласа келуі оқиғаның бір сәтіндегі көріністі «жұмсартарды». «Аңыздың ақырындағы» қимыл-қыбырсыз, сыбыс-сыбдырсыз және қаламы төселген жазушылар сапындағы Ж. Шамұратова жұмсаған контекстуалды синонимдер (қисайып, майысып, бұралып, қысылып) көркем мәтін түзумен қатар мәтінді дамыту қызметін де атқарады.

«Көркем шығарманың белгілі бір жанрында немесе бір жазушының тілінде, я болмаса белгілі бір туындысында синонимдердің стильдік мақсаттағы қолданысын тауып, ажырату, олардың контекстегі мағынасын ашу, түр-түлғасына қарай іріктеу сияқты лингвостилистикалық «шаруалар» қажет те, қызғылықты да болар еді» (Сыздық, 2014: 241).

Осындай азғана суреттеулердің өзі – алдыңғы кезеңдердегі қазақ көркемсөзінің қандай бағытта, тенденцияда болғандығының бір үлгісі ғана.

Ал бұл бағыттар мен тенденциялар қаламгерлердің қазақ сөзіне зор жауапкершілікпен қарағандығын танытады.

Академик Р. Сыздық ақын-жыраулардың шығармасы, проза, поэзия, драма, ауызша поэтика (айтыс) жанрларын терең талдай келе, ұлы Абайдың тіліне баға беру нәтижесінде қазақ лингвостилистикасын үшін теориялық та, практикалық та мәні зор сипаттарды ұсынады, олар:

- сөз үндестіру;
- сөз таңдау;
- сөз құбылту;
- сөз үйлестіру /сөз түрлендіру (1995).

Ғалым тұжырымдарындағы сөз үндестіру жоғарыда фольклорлану аясында талданды.

Осы сипаттар, жалпы стилистика мәселесіне қатысты зерттеулермен танысу барысында байқағанымыздай, лингвистика саласында терең анықтала қоймаған. Сондықтан біз өз тарапымыздан лингвостилистикалық талдаудың параметрлері / әдіс-тәсілдері / белгілері деген ұғым-түсініктерді қатар пайдаланатын боламыз.

Сөз таңдау. Алғашқы еңбектерінің бірінде Ұстаз сөз таңдауды сөздің денотат мағынасының орынды жұмсалуды, ауыспалы, астарлы мағынасының стильдік жүгі, яғни сөздің «қылығының» стильдік мақсатта икемделуі жақтарынан атап өтеді.

Академик Р. Сыздық ұсынған бұл түсінік А.Байтұрсынұлының «сөз талғау» терминіне сәйкес келеді. Ұлт көсемінің «Әдебиет танытқышында» *сөз талғау* термині қолданылып, «ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне көрнекті, әуезді болуын талғайтындығы» аталады, ал талғаудың жалпы шарттары ретінде «сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі» деген терминдер талданады (Байтұрсынұлы, 1991: 350-353). Академик Р. Сыздықтың тілдік нормаға қатысты зерттеулерінде сөз таңдау сөзді орнымен дұрыс қолданумен, яғни лексикалық норманың сақталуымен байланысты, сөз мәдениетін арттыратын маңызды параметр ретінде қарастырылады (Сыздық, 2001: 24-25). Профессор Н. Уәли де «сөз тазалығы, сөз дәлдігі» атауларын сөз мәдениеті теориясының негіздері ретінде зерттейді (1984). Бірақ академик Р. Сыздық *сөз таңдау* дегенді тек әдеби тілдің нормаланған тілдік бірліктері ғана қолданылуы керек деген түсінікпен ғана шектемейді. Ғалымның пікірінше, сөз таңдауда лексикалық, дұрыс құрастырылған және дұрыс қиюластырылған синтаксистік-морфологиялық нормалардың «дұрыстығын, сындарлығын тап басып тану және дұрыс деп қабылдау» керек (Сыздық, 2009: 25). Сондықтан да Ұстаз көркемсөзге арналған көзқарастарында өңделген, тілді қолданушылар мойындаған, кодификацияланған тілдік бірліктермен қатар жалпы тілдік қордағы сөздер мен құрылымдардың қолданысын көркемсөз параметрлері арқылы бағалайды. Мәселен, көркемсөзді лингвистикалық талдаудың бір межесі – оқиға суреттелетін заман уақытындағы тілдік норманың, сөзқолданыстың сақталуы. Сондықтан академик Р. Сыздық Абай поэзиясында және прозасында игерілген, ақын тілінің «өз заманындағы тілдік нормадан шығатындығын» *адамшылық, әдемішілік, бұзақышылық* тәріздес сөздер арқылы дәлелдейді. Сол сияқты Абай тілінде *өте (өте жақсы) үстегі, зат (нәрсе мағынасында)* сөздері кездеспейді екен, керісінше, *аса, өте, тым* мағынасында бек үстегі жоғары жиілікпен игерілген.

Ұстаздың сөз таңдауды анықтауда ұстанатын белгілерінің бірі – көнерген сөздердің, диалектизмдердің, кірме сөздердің, жаңа сөздердің

қолданылуы. Ғалым сөз таңдауды тілдің сөз байлығын сарқа пайдалану бағыты тұрғысынан анықтайды. Жазушы-публицист С. Бердікұловтың шығармаларында *бар бекес, бұлың, тектұр, жамбақы, шамдағай, тотанақ* сияқты сөздердің, О. Бөкеев прозасындағы *озаңдау, қоймірет, жөш, перен, ләуқи, алғұлымдау* тәрізділердің мағынасы мәнмәтін арқылы ашылса, «әдеби айналымға түсіруге болатын элементтер деп табамыз» деп көрсетеді (Сыздық, 2009а: 25-42).

Дегенмен Ұстаз мұндай «тосындардың» көбірек болуы көркемсөздің әсерлілігіне ақау түсіретінін де ескерте кетеді.

Профессор Қ. Жұбанов Абай поэзиясының тілін халық ауыз әдебиетіндегі ұлттық композициялық құрылымдар мен ақын шығармаларындағы лексикалық қолданыстарды біртұтастықта талдаса (Жұбанов, 2010), сөз таңдау параметрінде Ұстаз синонимдердің стильдік реңк үстейтін қызметіне жеке тоқталады. Абай тілінен көптеген мысалдар ұсынады, мәселен, қолпаштау, «*қолпаштағанға маңғазсыну, мардамсу, басқалардан өзін артық сезіну*» дегенге мағыналас шелтірейту (мәз болады болысың, арқаға ұлық қаққанға, *шелтірейтіп* орысың, шенді шекпен жапқанға) вариантын қолданғанын атайды; сонымен қатар контекстің мағынасын күшейту мақсатында бірнеше синонимнің қатарласа келуін де (*ақылы бар кісіні айбаттайды, даттайды*) сөз таңдау тәсіліне жатқызады.

Қайсыбір шығармадағы таңдалып алынған өзара мәндес сөздердің көрінісі көбіне-көп автордың сөз байлығын қаншалықты меңгергендігі /игере алатындығы тұрғысынан бағаланатыны белгілі. Сонымен қатар көркем туындыдағы синонимдердің қолданысын да лингвостилистика әдіснамалары арқылы қарастыру маңызды. Бұл – сөз таңдаудың шеберлігін танытатын тәсіл. Лингвостилистика аспектісінен қарағанда, қаламгердің өзара мағыналас сөздерді саралап қолданысы:

- мәнмәтін бойында (мәтін фрагментінде) бір синонимнің қайталана бермеуін;
- баяндалатын оқиғаның экспрессивті тұрғыдан күшейтілуін;
- тұтастай алғанда, ассоциативті фон арқылы көркем шығарманың мағыналық энергиясын арттыруды;
- синонимдердің бірі арқылы ойды нақты жеткізуді қамтамасыз етеді.

Синоним қатарлардың бірінің немесе бірнешеуінің әртүрлі стильдік мүддеде таңдалуы Ұстаз зерттеген классик қаламгерлердің шы-

ғармаларында сөз қадірі, сөз өрімі ретінде молынан кездеседі. Мәселен, Ғ. Мүсіреповтің бір әңгімесінде «дөңкес мұрын» деген суреттеу бар. «Оның қою біткен қас-кірпіктерін, құлай түскен дөңкес мұрынның екі сайын түгел ұлпашаң жауып кетіпті (Ғ. Мүсірепов, Бірінші фонтан). Лексикографиялық еңбектің мәліметіне қарағанда, бұл лексема басқа жазба нұсқаларда кездеспейді және жергілікті тіл ерекшеліктері болып саналады. Классиктің бұған баруы «күс мұрын» сөзіне синоним ретінде жағымды суреттеуіне байланысты деп ұғамыз. Бұл ретте синоним таңдалған.

М. Әуезовтің «Қаралы сұлу» шығармасында *Бұның өмірінің үстінде күлімсіреп тұрған күншуақты, бұлтсыз, ашық көк аспан бар-ды. Сондай ашық күннің ортасында бір-ақ сағат ішінде түсі суық, шоқ қара бұлт ойнап шыққан* деген мәнмәтіннен сөз таңдау үлгілерін көруге болады: *күншуақты, бұлтсыз, күлімсіреп тұрған аспан* дегендегі *күлімсіреу* – бақытты шақ көрінісі болса, *түсі суық, қара бұлт ойнап шыққан* тіркесі сол бақытты шақты бір сәтте өзгеруін білдіреді.

Ә. Кекілбаевтың «Шеткергі үй» әңгімесіндегі мына бір контексте өзара мағыналас сөздердің қолданысынан сөз таңдау үлгілерін көреміз.

Егер әлгі көлденең көз тәуекелі жетіп, бұл төңіректен кетпей қарап тұрар болса, бұдан әлденеше жылдар бұрын кешқұрым, қас қарая, көшенің екі бетінде күңгірт қарауытқан қалың теректің тасасынан тротуарды тықытып басып келе жатқан аяқ дыбысын естіп, артыныша-ақ қапталдағы бояуы оңып, енді, міне, ала көбең іңірде не қарауытпай, не бозартпай, күлдібадамданып тұрған ағаш дуалға еміс-еміс түскен ерең-серең көлеңкені көзі шалар еді... Автобусқа бас сұқсаңыз — бір-біріне қадалып, жабыса-жармаса қалған бір жұрт (Ә. Кекілбаев «Шеткергі үй»).

Қаламгер бірі синонимдердің доминанты (кешқұрым), екіншісі шеткергі аймақтағы сыңары (қас қарайған кез), ал үшіншісі контекстуалды синоним (ала көбең іңір) болатын варианттарды тәулік мезгілінің бір сәтін суреттеу үшін, сондай-ақ *қадалып, жабысып, жармасып* қатарлары арқылы іс-әрекеттің өту барысын нақтылау мақсатында ассоциативті фон жасаған.

Бір-біріне қарама-қайшы мағынада келіп, туындының идеясы мен мазмұнына қарай игерілетін сөз таңдау үлгілерін М. Әуезовтің шеберлігінен көруге болады. «Қаралы сұлу» шығармасында жазушы тағдыр талқысы мен байлық,

жастық, сүйіспеншілік тайталасқа түсетін мазмұнды жеткізуде «*жүдеу жылдар, жүдеу көңіл, тағдыры жүдеу Қарагөз*» және «*қызулы базар, тіршілік базары*» тіркестеріндегі *жүдеу* және *базар* сөздерін таңдап / талғап идеяны толық ашқан.

Академик Р. Сыздық көптеген шығармалардың тілі мен стиліне баға беру мүддесінде жасаған лингвостилистикалық талдау тұжырымдамаларындағы сөз таңдау межесін (параметрін) біз өз тарапымыздан төмендегілер негізінде нақтылап көрсетеміз.

Көркем шығармадағы *сөз таңдау* параметрінің деңгейін айқындайтын белгілер:

- тіл тазалығы / сөзқолданыстың анықтығы – туындыдағы сөзқолданыстың – жеке номинациялардың да, сөз тіркесінің де әдеби тілдің нормаларына сәйкес келуі; қалың жұртшылық, қоғам мойындаған лексикалық-грамматикалық, орфографиялық нормалардың сақталуы;

- тіл тазалығын сақтау барысында шығарманың эстетикалық қызметіне тілдік бірліктердің стильдік реңктерінің назарда болуы; бұл мәселе синонимдердің, жергілікті тіл ерекшеліктерінің, көне сөздердің, авторлық қолданыстардың көрінісіне қатысты.

Түйіндей келгенде, Ұстаздың тұжырымы бойынша қаламгер тарапынан сөз таңдау тәсілі оқиға желісі мен уақыт кеңістігіндегі әдеби нормаларға, автор образы мен кейіпкер тілін ашу мақсатында стильдік реңк арқалайтындай, ең бастысы шығарманың эстетикалық функциясына әлсіретпейтіндей және әдеби тілдің сөздік құрамын байыта алатындай сәйкестікте болуы керек.

Сөз құбылту. Академик Р. Сыздық бұл терминді Абайдың тілі мен стилін зерделеген еңбегінде алғаш рет қолданған. Ұстаз *сөз құбылтуды* фразалық тіркестердің құрылымдық жағынан өзгеруіне, – трансформациялануына байланысты ұсынған.

Жалпы, тұрақты тіркестердің құрамындағы сыңарлардың орнын ауыстыру, яки басқадай бір сөзді араластыру көркем шығармаларда жиі кездеседі десе де болады. Бұл арада Ұстаздық бекем пікірі – өзгертулердің уәждерін сарапқа салу. Бірі – тіркестер құрамы (фразеологизмдер, мақалдар мен мәтелдер) тұрақтылығының өзгеруі қосымша мағыналық реңк үстеу (Абай поэзиясында – жүзін жылыту-дың орнына шырайын жылыту; арын төгу-дің орнына қасиетін төгу), келесісі – әрине, сөз қисынының бұзылуы тұрғысынан бағалау.

Тіл ғылымының аясында фразеологиялық стилистика деген тармақ аталады, бұған қатысты мамандар негізінен тіл-тілдердегі тұрақты тіркестердің құрылымын, мағынасын коммуникативті-прагматикалық қызметімен астастыра отырып зерттеп келеді.

Көркем шығармада мағыналық-құрылымдық тұтастыққа ие фразалық тіркестердің игерілуі – күрделі мәселелердің бірі. Фразалық тіркестер – автордың тіл байлығын, сөзқолданыс деңгейін анықтайтын тілдік бірліктердің маңыздысы. Қаламгердің өз баяндауындағы және диалогтардағы тұрақты тіркестер шығарманың тілдік-стильдік сипаттамасын бағалаудағы негізгі фактілердің бірінен саналады.

Сонымен қатар тіл шеберлігі жоғары деңгейдегі қаламгерлердің қай-қайсысы да құрылымы қатаң сақталатын, семантикасы айқын тұрақты тіркестердің құрамындағы тілдік бірліктердің бірін ауыстыруға көбірек барады. Фразеологиялық трансформация автор тарапынан нысаналы түрде, оқиға мазмұнын жандандыру, оқырманға әсер ету мақсатында көрініс табады. Бұл сипат кей зерттеулерді екі ыңғайда бағаланады: а) шығарманың экспрессивті-образды қуатын арттыратын уәжді ауытқу және ә) автордың сөзқолданысына, жалпы жазушылық шеберлігіне көлеңке түсіретін уәжсіз ауытқу.

Тұрақты тіркестер құрамын өзгерту қазіргі тұста публицистика жанрларында жиірек қолданылады. Мәселен, «судың да сұрауы бар» тіркесі «мұнайдың да сұрауы бар», «әр қазақтың сұрауы бар», «жаутаңкөздердің де сұрауы бар» түріндегі контаминациялар баспасөздің ықпал ету масқатындағы лингвопрагматикалық қызметіне байланысты.

Академик Р. Сыздық Абай тіліндегі фразалық тіркестерді түстеп-түгендеудің қажеттілігін айта отырып, негізінен ұлы ақын жасаған авторлық фразеологизмдер мен дәстүрлі тұрақты тіркестердің өзгеруін талдауға назар аударған. Соңғысы, яғни тұрақты тіркестердің өзгеруін ғалым *сөз құбылту* термині арқылы түсіндіреді.

Мәселе айқын болу үшін мысал келтірілсін.

Абай шығармаларында *көңілге ажым салу* тіркесі бар, бұл *көңілі қалу, көңілі жабырқау* тұрақты фразалардың өзгерген түрі; сол сияқты ақын жасаған *адам сауу, адам аулау* «біреудің еңбегін пайдалану» дегенді білдіреді (Сыздық, 1995: 105).

Арқамызда тотыдай құлпырған қызылды-жасылды бір-бір байлам қырғауыл (Ғ.Мүсірепов. Қасқырды атқан қайсысы?) деген сөйлемде-

гі *тотыдай құлпыру* біршама тұрақты сипаттағы «қызғалдақтай құлпыру» тіркесінен өзгерген. Жазушы бұл фразаның сұлулықты суреттеуге арналатын мағынасын алып, «қызғалдақтың» орнына тотықұстың бейнесін оқырманның көз алдына әкеліп, арқылы аңшы қанжығасына байланған қырғауылдың қызылды-жасылды қанатын бейнелі жандандыра түскен.

Фразалық тіркестердің құрамына сөз қосу, орнын ауыстыру да – сөз құбылту тәсілдерінің бірі. Мәселен, «*Әлжуаздың ажалы бүгіннен, екі ортадағы дүрегейдің сазайы – ертеңнен, ал атасын танымас алып күштің Мәңгіліктің дәл өзіндей ажалы жоқ*» (Ә. Кекілбаев «Аңыздың ақыры») деген мәнмәтінде «күш атасын танымас» тіркесі бірнеше трансформацияға түскен, бұлайша болуы тұрақты тіркестің түп мағынасына ақау түсірмейді, керісінше сол мағынаны толықтыра түседі.

Келтірілген шағын шолудан анықтала түсетіні – фразалық тіркестердің трансформациялануы – көркемсөз иесінің жиі баратын бейнелі сөз қолданысының бірі. Алайда академик Р. Сыздық тұжырымдаған сөз құбылту жайы кей еңбектерде уәжсіз ауытқу фактісі ретінде талданғаны болмаса, идеяға, мазмұнға, не себепті қолданысқа түскеніне қарай лингвостилистика аспектісінде бағаланбаған. Демек, көркем шығармадағы сөз құбылту үлгілері лингвистикалық, коммуникативті-прагматикалық, когнитивтік салалардың әдіс-тәсілдерін ұштастыра отырып, сондай-ақ уәжді / уәжсіз ауытқулардың эстетикалық тұщымды қанағаттандыратын (немесе керісінше) үлгілерін ұлттық көркем тіл нормаларының екшемінен өткізу фразеологиялық стилистиканың бір міндетінен саналады деген ойдамыз.

Сөз түрлендіру / сөз үйлестіру. Бұл терминді де академик Р. Сыздық Абайдың тілі мен стилін талдау барысында анықтаған. *Үйлестіру* сөзіне *қиыстыру, келістіру, қиюластыру, үйлесімге келтіру* сөздері мағыналас бола алады. Ұстаз тарапынан бұл термин көркем шығармадағы перифраздардың және авторлық жаңа тіркестердің эстетикалық зонадағы үйлесімді қызметіне қатысты бірінші рет ұсынылған.

Мәселе анық болу үшін академик Р. Сыздық талдауларынан мысал келтірелік.

Ұлы Абай тіліндегі *өкпе сызы (жүрегінде жатады өкпе сызы), ақыл көзі, ой көзі, қараңғылық пердесі, соқтықпалы, соқпақсыз жер* тәрізділер – перифраздар, сондай-ақ ақын шығармаларындағы «уайымды көңілдің сызығы, жазмышты тағдырдың сызығы, қайғыны өмір-

дің шыжығы деп суреттеп атауын біз қазақ көркем тіліндегі перифраздардың классикалық үлгісі дер едік» (Сыздық, 1995: 124).

Ал *талаптың аты арындау, үміттің аты елеру, жүрекке өрт түсі, көз майын ағызу, иман жүзін тоздыру* дегендер – ақынның өз жұмсалымдары. Сөз үйлестірудің асқан шеберлігі ретіндегі осындай бір шоғыр фактілерді сөз үйлестіру деп атай отырып, Ұстаз жасаған қорытынды бірнешеу:

- Абай тіліндегі перифраздар мен авторлық қолданыстар қазақ тілінің сөз байлығын жаңа тіркестермен байыта алады;

- кейінгі көркемсөз жанрларында экспрессивті ретінде жұмсала алады, мәселен, Ұстаздың көрсетуінше, *сұм жалған, сұм дүние, көкірегінде оты бар* тәрізді Абай шығармаларында алғаш жұмсалған, Абай жасаған тіркестер қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің қатарын толықтырған;

- Академик Р. Сыздықтың қазақ лингвостилистикасындағы басты әдіснамасы – көркемдік тұрғысынан бағалау, сондықтан ғалым перифраздарды да, авторлық қолданыстарды ең алдымен эстетикалық қуат, коммуникативтік сапа сөз мағыналарының қиюласуын (үйлесімін) көркемсөз түзудің бір тәсілі ретінде біртұтас жинақтап объективті түрде бағалайды.

Тілдегі перифраздарға қатысты пікір алуандығы бар болғандықтан және құбылысты анықтаудың да проблемалары байқалғандықтан, назар аударарлық бірнеше мәселелерді атап өтелік.

- тіл ғылымында перифраз / перифраза / парифраз / парафраза / парафразис терминдері қатар қолданылады;

- бірқатар ғалымдар перифразды стилистикалық тәсіл ретінде троп қатарында жеке тіркесе, екіншілері метонимияның бір құбылысы деп есептейді;

- тағы да бір зерттеулерде перифраздардың бір жазба мәтіннен басқаларына көшіп, қайталану түсіп, қолданыс жиілігі арта бастаған жағдайда таптаурын үлгілер пайда болатындығы, олардың коммуникативтік-прагматикалық кері әсер туғызатындығы айтылады; яғни алғашқы қолданысының экспрессиясы күшті, бірақ «ауыса, көше» келе бұл сипаты бөсеңдей түседі; И.Арнольдтің пікірінше, стильдік эффектін жоғалтуға дейін барады (Сырица 2021: 109);

- перифраздардың қолданыс өрісі публицистика жанрына ғана тән деп есептеледі.

Перифраз (Ұстаз қолданған нұсқаны мақұл көреміз) – номинацияға екінші атау беру; белгілі бір нысананың айқын көрінетін белгілерін

сипаттау-бағалау арқылы жаңа қолданыс жасау. Екінші атау беру, әдетте, сөз тіркесі арқылы қалыптасады. Мәселен, қазақ публицистикасы дискурсында әріден келе жатқан *дала кемесі, темір тұлпар* деген перифраздар тіл иелеріне таныс. Тіркестің жасалуында нысананың (түйе) жазық кеңістік – кең дала төсіндегі бейнебір *кеме* сияқты бейнесі алынып, осылайша екінші атау пайда болған; ал тағы бір нысананың (көлік) неден жасалғандығы, қазақ ұлттық танымындағы *тұлпар* тәрізді алыс-қашықты жылдам меңгеретіндігі сипатталып, *темір тұлпар* жаңа тіркесі жұмсалымға түскен. Айта кетелік, бұлар – ақпаратты-экспрессивті перифраздар.

Зерттеулерге қарағанда, перифраздар қай стильге тән стильдік тәсіл, қай стильдің функциялары үшін перифраз керек немесе барлық стильдік тармақтар үшін қажетті стилистикалық тәсіл ме деген мәселе де талдана қоймаған. Негізінен публицистикалық стильдің тілдік-стильдік сипатына бағытталған зерттеулерде перифраз көбірек айтылады, бірақ көркемсөздегі перифраздардың «тағдыры» жөнінде тұжырым жасалған еңбектер аз.

Перифраздар мәтін көлемінде бір атаудың синонимі ретінде жұмсалып, образдылықты арттырады; бейтарап мағыналы сөздің синоним баламасы дескриптивті әдіс арқылы жүзеге асады. Нақты айтқанда, перифраздар ақпарат беру, ақпаратқа экспрессия жүктеу, бір атаудың мағыналас баламасы болу арқылы бағалау қызметін атқарады.

Көркемсөзді талдау тұрғысынан қарағанда, туындыдағы перифраздардың көрінісі, сөз жоқ, жазушы, публицист сияқты төселген жазарманның шеберлігін танытады. Шеберліктің негізінде жеке адамның ұлттық танымы, ойлай өрісі өзара астасып жатады. Мәселен, *Түркілердің тұғырлы бесігі, Түркілердің төрі* тәріздестер – көсемсөз стилінде жаңадан жасалған перифраздардың бір үлгісі. Қала атауының (Түркістан) осындай баламаларын баспасөз жанрларының түр-түрінен кездестіруге болады. Профессор Н. Уәлидің көрсетуінше, публицистикада жеке сөздерге, терминдерге «экспрессиялық балама іздеу тенденциясы күшейе түскен (1984: 29). Шындығында да, ғылыми, ресми стильдерге қарағанда, публицистика саласы үшін жеке сөздің «экспрессивті сыңары» (Н. Уәли термині – А.А.) болып жүретін тілдік бірліктер керек. Бұл, әрине, мерзімді басылымдардың, жалпы алғанда, публицистикалық стильдің ақпарат беруді әсер ету функциясымен үйлестіруіне байланысты.

Көркем туындыдағы экспрессивті сыңарлар әртүрлі ыңғайда көрініс табады. Негізгі мағынамен параллель орналасып, мәтіннің сөз әсерлілігін арттырады немесе кейіпкердің көңіл-күйін сипаттайтын «тылсым әсерлі» сөзқолданыс – әрі перифраз, әрі авторлық қолданыс деп тануға болатын жаңалықтар кездеседі. М. Әуезовтің туындысындағы *«Енді тыңдады: елсіз таудың ішінде, иесіз қоныста мәңгі жастық, мәңгі жарастық жыршысы – кішкене бұлбұл сайрайды... Жаратылыстың қызығына қошемет айтумен бірге, жайын тау, жаралы жартастың жалғыздық күйін де шерлендіріп қосады»* («Қаралы сұлу») деген мәнмәтінде *бұлбұл – мәңгі жастық жыршысы, мәңгі жарастық жыршысы* қатар түсіп, образдылықты нақтылай түссе, *жаралы жартастас, жалғыздық күйі* тәрізді оралымдардың мағынасы мен әсерін, эстетикалық қуатын шығармамен толық танысқан оқырман шапшаң түйсіне алатыны сөзсіз.

О. Бөкеевтің «Сарыарқаның жаңбыры» әңгімесіндегі *қырсықтың құрығы, бақыт ұшағы, барқыт кеш, тағдыр тарантасы, шаршастың ауа райы* тәрізділер қаламгердің қарымды шеберлігін танытатын көркемсөз үлгілері болып саналады.

Автор образы. Ұстаздың лингвистикалық тұжырымдамаларындағы ең маңызды мәселе – автор образы. Бұл ретте ең алдымен осы термин арқылы көркем шығарманың автор атынан (кейіпкердің бірі – автордың өзі «мен» арқылы қатысады; автор – әңгімеші) баяндалуын немесе жазушының өз өмірінен алынған оқиғалардың шығарма желісіне арқау болуын түсініп қалуға болады.

Тағы да Ұстаз сөзін алға тартамыз. Академик Р. Сыздық «қазақ стилистикасында лингвистикалық негізде «автор образы» дегенді монографиялық планда арнайы танып-білу мүлде сөз болмаған зерттеу объектісі екенін айту керек» деп көрсетеді (2019). Бұл пікірдің негізінде автор образының лингвостилистиканың негізгі дінгегі екендігіне айқын нұсқалған.

Ұстаз неге осылай дейді?

Шын мәнінде, автор образы – күрделі лингвостилистикалық проблема. Бұл ұғымның аясына, біздің пайымдауымызша, шығармадағы жазушының баяндауындағы, кейіпкерді сөйлетудегі күллі тілдік бірліктердің: а) эстетикалық функция атқаратын; ә) лингвомәдени парадигмаға құрылған; б) шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұнын эстетикалық бағытта ашуға бағытталған; в) қазақ сөзінің сан қырлы астарларын қиыстыра отырып, оқырманға әсер ететін,

тіл байлығына үлес қосатын бейнелі сөзқолданысының деңгейін және әсерлілігін; г) әдеби тіл нормалары сақталатын қызметінің көрінісін, тұтастай алғанда, қаламгердің тіл күдіретін сезінген шеберлігін білдіреді. Жалпы, жазушыға «талантты, сөз шебері, жақсы жазушы» тәріздес басқа да көптеген сипаттамалардың анықтамалардың берілуі осы аталғандарға байланысты. Бұл тұрғыдан келгенде, Үстаз зерттеген классик жазушылардың шығармаларында автор образы аса күшті. Әрине, әр жазушының жекелеген шығармаларын тілі мен стилін арнайы талдаудың рөлі бар. Бірақ Үстаздың меңзегені нақты бір қаламгердің шығармашылығынан туған барлық дерлік туындыларына ортақ сипаттарды танып-білу маңызды, сонда ғана автор образы жөнінде тұжырым жасауға болады.

Осы тұрғыдан келгенде, қазіргі қазақ жазушысының ұстанымы қандай деген сауалдың туындауы да заңды. Жас жазушылардың пікірлеріне қарағанда, шығарманың идеясы мен мазмұнын «қарапайымдап» берудің қолайлы бола бастағандығын байқаймыз. Бұл жайттың себептерін академик Р. Сыздық еңбектерінде аталатын «автор образы» деген ұғыммен байланыстыра қараған жөн деп танымыз.

Қорытынды

Көркем туындыны талдау Үстаз айтқандай, «әркім-әркімнің батылы бара бермейтін» қиын да, қызықты іс екендігін мойындаймыз. Дегенмен «осыларды айту (лингвостилистика туралы – А.А.) міндетіміз ғана емес, ұлттық мәдениетке қызмет етудегі парызымыз... міндеттерімізді айқындап, парызымызды сезіну бар (Сыздық, 2009: 81) деген Үстаздың сөзі ғылым жолындағы ізбасарларына, тағылымын алған шәкірттеріне, қазақ тілтанымын зерттеп, танытып жүрген мамандар мен зерттеушілердің баршасына айтқан өсиеті те, міндеттеген тапсырмасы да тәрізді.

Қазақ тілтанымындағы көркемсөз стилистикасы қазақ әдеби тілінің дамуына тән сипаттар, функционалдық стильдердің саралануы, проза жанрындағы көріктеу құралдарының қызметі, жеке жазушылардың тілі мен стилі аспектілерінде қарастырылды (Aldash, 2024). Ал қазіргі қазақ әңгімелерінің тілі мен стиліне жасалған баян, жүйелеу арқылы берілген ұсыныстар біраз жайтты аңғартты. Бүгінгі қазақ әңгімелерінде қалыпты сипат алған реалистік бағытпен қатар заманның тыныс-тіршілігін арқау еткен постмодернизм үлгілері де байқалады. Әдебиеттанушылар мен әдебиет сыншыларының өзі

постмодернизм үлгілерінің бар екендігін жиі айтатындықтан, біз де бұны құп көреміз. Шығармалардың сюжеті, таңдалған тақырып тұрғысынан келсек, танымал әңгімеші-прозашылар да, жас қаламгерлер де заманауи кезеңдегі рухани байлықты, құндылықтарды, заманның өздеріне таныс келбетін өз шығармаларына өзек етеді. Бұл постмодерн (кейінгі кезең мағынасында алғанда) бағытының көрінісі таба бастағанын аңғартады. Қайталап айтсақ, қазіргі қазақ әңгімелері тарих жолының бір бөлігіне – соңғы онжылдықтардағы замана келбетіне, осы кезеңдегі кейіпкерге арналған. Ақиқат шындық айтылады, оқырманға ой тасталады. Түйін жасау оқырманға жүктеледі. Қаламгерлердің, әсіресе жас буынның әлеуметтік-танымдық кеңістігі әр деңгейде. Шығарманың тілі мен стилін танытуы жағынан да әр басқа. Сондықтан да болар, жас прозашылардың даралық стильге ұмтылыстары бар. Дегенмен анық байқалған жайт – баяндау үшін қазақ тілі сөзінің қазіргі стандартты үлгілері көбірек қолданылады, эстетикалық әсер беретін бейнелі сөзқолданыс әредік игеріледі. Әңгіме жанры – шеберліктің танытудың, ұштаудың алдыңғы сатысы. Қазақ сөзін таңдап, талғап, қиюластырып, үндестіріп көркемсөзге айналдыру, әрі ұлт санасындағы көркемдікті қабылдаудың жүйесін сақтап туынды ұсыну қазақ тілінің көркемдік әлемін таныту, насихаттау ісінде маңызды. Осы себепті аға буын классик жазушылар жас қаламгерлерге қолдау көрсетіп, сенеді. Бұл ретте көркем әдебиет тілін талдаудың да мәні ерекше. Лингвистикалық талдау, сөз жоқ, тіл тереңін жетік білуді, тіл тылсымын ұлттық когнитология, әлеуметтану, әдебиеттану салаларымен байланыстырып, теориялық тұрғыдан жетік меңгеруді қажет етеді. Ең бастысы – жалпы рухани мәдениетке, тілге қатысты тайталастар бар қазіргі заманда тілдің жұмсалымы ұдайы зерттеу нысанасы болу керек. Академик Р. Сыздықтың қазақ лингвостилистикасының тұжырымдамаларын негізінде жоғарыда баяндалған қазақ көркемсөзінің сипаттары ғылыми ізденістердің бір ғана бөлігі, Үстаз идеясындағы сан алуан күрделі мәселелер терең және таратыла зерттеулердің қолға алынуын күтеді.

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын ЖТН АР23486743 «Қазақ лингвостилистикасындағы академик Рәбиға Сыздық тұжырымдамалары: қазіргі қазақ әңгімелерін талдаудың метамоделі» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

References

- Aldash, A., Seidamat, A. (2024). Stylistics of the literary word: the results of scientific analyses and new research findings. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, Vol. 3 (195), P.4-14. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v195.i3.ph01>
- Aldash, A., Seidamat, A., Aldasheva, K., Islamova, A., Kulmanov, S., Seyitova, B. (2024). The phenomenon of loan translation and its influence on the processes of standardization of the terminology system of the Kazakh literary language. *Theory and Practice in Language Studies*, Vol. 15(3), P. 860-868. <https://doi.org/10.17507/tpls.1503.21>
- Baitursynov, A. (1991). Aq jol: Ölender men tärzimeler, publ. maqalalar және әдеби зерттеу (R. Nurgaliev, Ed.) [White way: Poems, Translations, Journalistic Articles and Literary Studies]. Almaty. Jalin. (In Kazakh)
- Balaqayev, M., Janpeisov, E., Tomanov, M., Manasbaev, B. (1974). Qazaq tiliniñ stilistikasy: Joғarı oқы ornınıñ filologiya fakulteti studentterine arналған oқыlıq [Stylistics of the Kazakh Language: A textbook for philology students]. Almaty. (In Kazakh)
- Burkitov, O. (2001). Qazaq tilindegi qaytalamalardyn lingvistikalyk juyesi: fil. gyl. dok... diss. [The Linguistic System of Repetitions in the Kazakh Language: Doctoral Dissertation]. Almaty. (In Kazakh)
- Grivennaya, E.N. (2005). Stilizatsiya razgovornoy rechi v khudozhestvennoy proze: kulturno-istoricheskii i lingvostilisticheskii aspekty: na materiale proizvedeniy A. Remizova (diss. kand. filol. nauk) [Stylization of Colloquial Speech in Artistic Prose: Cultural-Historical and Linguostylistic Aspects: Based on the Works of A. Remizov (PhD Thesis in Philology)]. (In Russian)
- Jubanov, Q. (2010). Qazaq tili jölindegi zertteuler [Studies on the Kazakh Language]. Almaty. Memlekettik tildi damyutu instituty [Institute for the Development of the State Language]. (In Kazakh)
- Odintsov, V.V. (1980). Stilistika teksta [Text Stylistics]. Moscow. (In Russian)
- Shanskiy, N.M. (1989). Stilistika russkogo yazyka: uchebnoe posobie dlya pedagogicheskikh institutov [Stylistics of the Russian Language: Textbook for Pedagogical Institutes]. Leningrad. Prosveshchenie. (In Russian)
- Syritsa, G.S. (2021). Filologicheskii analiz khudozhestvennogo teksta: uchebnoe posobie. 7-izd., ster. [Philological Analysis of Literary Text: Textbook. 7th ed., rev.]. Moscow. FLINTA. (In Russian)
- Syzdyk, R. (1990). Körkem әдебиет тилин зерттеу аспектілері [Aspects of Studying the Language of Fiction]. Qazaq SSR ĞA Habarsysy [Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR], Vol. 7, P. 40-45. (In Kazakh)
- Syzdyk, R. (1995). Abaiding söz örnegi [The Verbal Ornament of Abai]. Almaty. (In Kazakh)
- Syzdyk, R. (2001). Tildik norma және onıñ qalıptanuy (kodifikatsiyası) [Language Norm and Its Codification]. Astana, Elorda. (In Kazakh)
- Syzdyk, R. (2009). Ğylymi tanım üzikleri [Fragments of Scientific Cognition]. Almaty. KIE Linguocultural Innovative Center. (In Kazakh)
- Syzdyk, R. (2009a). Säikestik [Correspondence]. In Ğylymi tanım üzikleri [Fragments of Scientific Cognition] (Vol. 3, P. 25-48). Almaty. KIE Linguocultural Innovative Center. (In Kazakh)
- Syzdyk, R. (2009b). Körkem әдебиет тилин зерттеу аспектілері [Aspects of Studying the Language of Fiction]. In Ğylymi tanım üzikleri [Fragments of Scientific Cognition] (P. 42-50). Almaty. KIE Linguocultural Innovative Center. (In Kazakh)
- Syzdyk, R. (2014). Funktsionaldyq stilder. Körkem әдебиет stili [Functional Styles. Style of Fiction]. In Syzdyk, R. Köptomdyq shıǵarmalar jınaǵı [Collected Works] (Vol. 11, P. 216-241). Almaty. El-Shezhire (In Kazakh)
- Syzdyk, R. (2014a). Auyzsha damyǵan qazaq әдеби tili [Oral Development of the Kazakh Literary Language]. Almaty. Daik-Press. (In Kazakh)
- Syzdykova, R. (2019). Körkem әдебиет тилин танудын qyrlary [Facets of studying the language of fiction]. ULT. [Electronic resource], URL: <https://ult.kz/post/rabiga-syzdykova-korkem-adebiet-tilin-tanudyn-kyrlary> (Date of use: 18.11.2024) (In Kazakh)
- Uali, N. (1984). Söz мәдениети [Speech Culture]. Almaty. Mektep. (In Kazakh)
- Vinogradov, V.V. (1980). O yazyke khudozhestvennoy prozy [On the Language of Fictional Prose]. In Izbrannye trudy [Selected Works]. Moscow. Nauka (In Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Алдаш Айманкүл (корреспондент автор) – филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: aimank51@mail.ru);

Сейдама Асель – PhD докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: asel.london.97@mail.ru);

Мухамеджанова Гүлмира Тастемировна – PhD, қауымдастырылған профессор, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті (Петропавл, Қазақстан, e-mail: elnur-09@list.ru).

Свидения об авторах:

Алдаш Айманкуль (корреспондент-автор) – доктор филологических наук, профессор, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы (Алматы, Казахстан, e-mail: aimank51@mail.ru);

Сейдама Асель – PhD-докторант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы (Алматы, Казахстан, e-mail: asel.london.97@mail.ru);

Мухамеджанова Гүлмира Тастемировна – PhD, ассоциированный профессор, Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева (Петропавловск, Казахстан, e-mail: elnur-09@list.ru).

Information about the authors:

Aldash Aimankul (corresponding author) – Doctor of Philology, Professor, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Almaty, Kazakhstan, e-mail: aimank51@mail.ru);

Seidamat Asel – PhD doctoral student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Almaty, Kazakhstan, e-mail: asel.london.97@mail.ru);

Mukhamejanova Gulmira – PhD, Associate Professor, M. Kozybayev North Kazakhstan University (Petropavl, Kazakhstan, e-mail: elnur-09@list.ru).

*Келіп түсті: 11 сәуір 2025 жыл
Қабылданды: 13 маусым 2025 жыл*